

Кок тудын астында коп ұлттың өмір сүруі қазақ даласының кендігін, қазақ елінің дархан пейілді қонақжай халық екендігін айқындап тұрғандай. Биылғы жыл коп ұлттың басын біріктіріп татулық пен тыныштықты ынтымақтастыққа сабақтастырған еліміздегі Қазақстан халықтары ассамблеясының құрылғанына 20 жылдық мерей тойын тұтас кен көлемде атап отуде. Осыған орай арнайы кітапханада Сайрам ауданының этномәдени орталығынан түрік және кәріс ұлттарының өкілдері келіп, оқырмандарға мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Мерекелік кешті арнайы кітапхана директорының орынбасары Л.Темірбаева ашып, биылғы жылдың атаулы даталарын атап, Ассамблеяның 20 жылдығына орай өткізіліп отырған мәдени іс-шарамен сабақтастырып өтті. Кеште алдымен түбі бір түрік бауырларымыз кезек алып әдемі әндермен керемет билерін көрсетіп, өздерінің ұлттық аспаптарымен таныстырып әсерлі сазға болады. Сауық сайранды жақсы көретін түркі халқы кеш барысында өздерінің өйлену тойында билейтін билерін өз нақышында орындады. Аудандық М.Горький атындағы орта мектебінің оқушыларынан құрылған кәріс ұлтының жас өкілдері келіп қатысты.

Оқушылардың жетекшісі кәріс ұлтының өзіне тән құндылықтары мен салт-дәстүрлерін көнінен таныстырып баяндама оқыды. 1937 жылдардан бастап кәріс ұлты қазақ еліне қоныс аударғандығы жайында және коп қиындықтарға тап болып, тіпті өз ана тілінде сөйлей алмай, орысша тілдесіп, балаларын қалада оқыта алмайтындай, ауыр құндықтарды бастан кешіріп, соның ішінде кәріс халқына көптеген тосқауылдар мен кедергілік тыйым салулар болғандығынан хабардар өтіп, қазақ халқына деген алғысын ақтарып жатты. Жас өрендер өздерінің билерін билеп, әндерін шырқап, кеш сонында көрермендерге балғын жүректен шыққан әкпелектерін жолдады. Кез келген ұлтты жатсынбай бауырына басып, мейірімін арнаған алаш өлі талай заманды өткеріп, бүгінде бейбіт ел атанып, тәуелсіз мемлекет болып өз өнін еркін шырқауда. Бүгінгі кешке оқырмандармен қатар арнайы кітапхана ұжымы да толық қатысып, ерекше әсер алып, көп ұлттың тол тарихы мен ұлттық мәдениетіне қанық болды. Кітапхана директорының орынбасары Л.Темірбаева мәдени орталықтардан келген қонақтарға арнайы кітапхана атынан алғыс хат табыстап, қатысқан оқушыларға да мақтау қағаздарын тарту өтті. Іс-шараға жиналған оқырмандар көбінесе теледидардан жиі көретін түрікше, кәрісше фильмдерінің кейіпкерлерін бүгін шынайы кескін көлбеті мен жағымды бейнесі мен түр түлғасын көзбен көрді, көңілге жылулық тапты, естелік суреттерге түсіп бүгінгі болған қызықтарды өзара талқылап тарақты.

Иә, қазақ өлі қашанда аман болып, көп ұлтымен жарасымды бірлік те бейбіт күнде тұғырлы тәуелсіздігімізбен, баянды шақтары мәнгі болғай деген тілек әр кеудеде

Авторлар: specbib
05.11.2015 14:40 -

жангырып жатты.